



Алтын Мүйізді Киік

БОТАҒӨЗ Шаяхметова



Бұлды мерген, даңқты аңшы, ұзақ аң аулаудан кейін бір ағаштың көлеңкесінде демалып отыр. Оның назары қарсы алдында ағып жатқан бұлақтың арғы жағасындағы жарқыраған нәрсеге түседі. Күнге шағылысқан алтын мүйізді киік жартастың түбінде жайылып жүр. Аңшы өз көзіне өзі сенбей, таңдана қарайды.



Бұлды мерген мылтығын кезегенде, алтын мүйізді киікке тіл бітіп, оны тоқтатады. Аңшы киіктің жанына барғанда, ол бір сәтте алтын мүйізді, ақ сақалды қартқа айналады. Қарт Бұлды мергеннен жеті басты айдаһардан құтқаруын сұрап, оның елін басып жатқан зұлымдықты баяндайды.



Бұлды мерген қарттың ұсынысын қабыл алып, сауыт-сайманын дайындайды. Олар жер үсті мен астын жалғастыратын үңгір арқылы қарттың қаласына жетеді. Қалаға келісімен, Бұлды мерген қолына жүз құлаш алмас семсер алып, айдаһар мекендеген сайға қарай батыл бет алады.



Терең сайға жеткенде, Бұлды мергенді сұрапыл боран қарсы алады. Бұл айдаһардың демі екен. Боранның күшімен айдаһардың аузына тура ұшып барады. Батыр өткір семсерімен жауыздың екі езуін тіліп, оны бірден өлтіреді.



Айдаһардан құтқарылған халық Бұлды мергенді қуанышпен қарсы алады. Қалада үлкен той басталып, жұрт батырға алғыс айтады. Алтын мүйізді қарт Бұлды мергенге осы жерде қалып, ханның бірінші уәзірі болуды, байлыққа кенелуді ұсынады.



Бұлды мерген қаланың байлығы мен қайыршылардың мұңын көріп ойланады. Ол туған елін, ата-анасын, көршілерін есіне алып, оларға деген жауапкершілігін сезінеді. Батыр қарттың ұсынысынан бас тартып, туған жеріне қайта оралады, өз елінің ыстық ықыласы мен бақытын қадірлейді.